

ЖАМБЫЛ ОБЛЫСЫ
ӘКІМДІГІНІҢ БІЛІМ БАСҚАРМАСЫНЫҢ
«ЖАМБЫЛ ДАРЫНЫ» АЙМАҚТЫҚ
ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ
ОРТАЛЫҒЫ» КОММУНАЛДЫҚ
МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ



КОММУНАЛЬНОЕ ГОСУДАРСТВЕННОЕ
УЧРЕЖДЕНИЕ «РЕГИОНАЛЬНЫЙ
НАУЧНО-ПРАКТИЧЕСКИЙ ЦЕНТР
«ЖАМБЫЛ ДАРЫНЫ» УПРАВЛЕНИЯ
ОБРАЗОВАНИЯ АКИМАТА
ЖАМБЫЛСКОЙ ОБЛАСТИ

080011, Тараз қаласы, Қ.Көшекөв көшесі, 50
тел.: 8 707 234 37 91
E-mail: zhambyl@daryn.kz

080011, город Тараз, улица К.Көшекөва, 50
тел.: 8 707 234 37 91
E-mail: zhambyl@daryn.kz

№ 258

14.04.2026 жыл.

Аудандық, қалалық білім
бөлімдерінің басшыларына

Облыстық білім басқармасына
қарасты мектеп директорларына

Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасының «Жамбыл дарыны» аймақтық ғылыми-практикалық орталығы 2026 жылдың 5 мамыр күні жалпы білім беретін мектеп оқушыларының арасында «Мағжан оқулары» республикалық ғылыми-шығармашылық конкурсының облыстық кезеңі өтетіндігін хабарлайды.

Байқауға аудан, қала және облыстық білім басқармасына қарасты мектептер бойынша 8-11 сынып оқушылары қатысады. Байқау талабына сай IV номинация бойынша 4 үміткер қатыса алады.

Осыған орай, облыстық байқауға қатысатын оқушылардың сұранысын 2026 жылдың 27 сәуір күнінен кешіктірмей қосымшадағы кестеге сәйкес толтырып zhambyl@daryn.kz электронды почтасына жіберулеріңізді сұраймыз.

(Өтетін орны қосымша хабарланады)

Қосымша: 6 бет (сұраныс үлгісі, ереже)

Директор



М.Есеналиева

Орындаған: Ә.Тұнгат
Тел: 87479880094

000999

Қосымша 1

№	Аудан/қала	Ауылы	Мектептің атауы	Мектептің ID	Қатысушының аты-жөні (толық жазылу керек)	Қатысушының ЖСН	Сыныбы	Жетекшінің аты-жөні, телефоны (толық жазылу керек)	Жетекшінің ЖСН	Номинациясы
1										«Өлең – менің Шолпаным, Айым, Күнім» Мағжан шығармаларын жатқа оқу номинациясы
2										«Жасынан оқу оқып, өнер құған...» ғылыми жоба жұмысы номинациясы
3										«Ақын да бір бала ғой айға ұмтылған» жас дарындар номинациясы
4										«Бәрінен де сен сұлу» Мағжанның әндерін орындау номинациясы



«БЕКІТЕМІН»

«Дарын» РҒПО директоры
Ғ.Тұрсынов
2026 ж.

**Жалпы білім беретін мектеп оқушылары арасында
«Мағжан оқулары» республикалық ғылыми-шығармашылық
конкурсын ұйымдастыру және өткізу
ЕРЕЖЕСІ**

I. Жалпы ережелер.

1. Осы ереже «Білім туралы» Қазақстан Республикасының заңына, Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрлігінің «Дарын» республикалық ғылыми-практикалық орталығының (бұдан әрі- «Дарын» РҒПО) жоспарына сәйкес, жалпы білім беретін мектеп оқушылары арасындағы «Мағжан оқулары» республикалық ғылыми-шығармашылық конкурсының (бұдан әрі Мағжан оқулары) мақсаты мен міндеттерін, ұйымдастырушылық-әдістемелік қызметінің қамсыздандырылуын, өткізу мен қаржыландыру тәртібін, жеңімпаздары мен жүлдегерлерін анықтау тәртібін белгілейді.

2. Мағжан оқуларының ұйымдастырушысы «Дарын» РҒПО, «Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің білім басқармасы» КММ, «Қызылжар дарыны» дарынды балалар мен талантты жастарды анықтау және қолдау орталығы» КММ.

3. Мағжан оқуларының негізгі мақсаты – қазақ халқының әдеби мұраларын дәріптеу, мектеп оқушыларының классикалық әдеби шығармаларды оқуға қызығушылықтарын арттыру.

4. Мағжан оқуларының негізгі міндеттері – ақын шығармаларындағы эстетикалық талғам мен тұлғалық қасиетті насихаттау, ұлттың рухани мұрасын меңгертіп, оқушылардың интеллектуалды пайым-парасатын арттыру.

**II. Республикалық «Мағжан оқулары» ғылыми-шығармашылық
байқауына қатысушылар:**

1. Мағжан оқуларына білім беру ұйымдарының барлық типтері мен түрлерінің 8-11-сынып оқушылары қатыса алады. Республикалық қорытынды кезеңге облыстық кезеңнің жеңімпаздары мен жүлдегерлері қатыса алады. Командада 4 оқушы (әр номинация бойынша 1 оқушы) 1 (бір) жетекші болуы тиіс.

2. Команда жетекшілері Мағжан оқулары өткізілетін орындарда, жол жүру барысында қатысушылардың денсаулығы мен өмірінің қауіпсіздігіне жауапты. Ережеге сәйкес командамен бір ғана жетекші келу міндеттеледі.

Ескерту.

1) Республикалық «Мағжан оқулары» ғылыми-шығармашылық байқауының бұрынғы жеңімпаздары бұл байқауға қатыса алмайды.

2) Байқау барлық қатысушылардың қатысуымен ашық түрде өтетін болғандықтан, апелляция қарастырылмаған.

III. Мағжан оқуларын ұйымдастыру және өткізу тәртібі

1. Байқау үш кезеңнен тұрады:

I кезең- аудандық (қалалық) – білім бөлімдері өткізеді;

II кезең – облыстық, Астана, Алматы, Шымкент, қалаларының білім басқармалары, республикалық білім беру ұйымдары, ДББҰ «Назарбаев Зияткерлік мектептері» өткізеді;

III кезең – республикалық кезең. Мағжан оқуларының қорытынды кезеңіне әр өңірден 4 оқушы (4 номинация бойынша) қатысады.

2. Мағжан оқулары төрт номинация бойынша өткізіледі:

1) «Өлең – менің Шолпаным, Айым, Күнім» – Мағжан шығармаларын жатқа оқу номинциясы

Қойылатын талаптар:

- қатысушы өзі жатқа білетін Мағжан шығармаларының тізімін конкурс басталғанға дейін ұсынуы қажет;
- жаттаған өлеңдерінің саны;
- өлең жолдарын оқу шеберлігі;
- шығарманың сөздерін анық және тіл табиғатын сақтап жеткізу;
- дауысы мен дене әрекеттерінің үйлесімділігі;
- сахна мәдениетін сақтау ескеріледі.

2) «Жасынан оқу оқып, өнер қуған...» – ғылыми жоба жұмысы (Мағжан Жұмабаевтың шығармалары бойынша ғылыми-зерттеу жұмыстары).

Қойылатын талаптар:

- а) тақырыбы
- ә) өзектілігі
- б) мақсат, міндеттері
- в) әдіс-тәсілдері
- г) жаңашылдығы
- ғ) күтілетін нәтижесі
- д) нәтижені талқылауы, қорытындылауы
- ж) ұсыныстардың берілуі
- з) пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Титул парағы

- оқу орнының толық атауы, (мектеп);
- жұмыс атауы;
- орындаушының аты-жөні, сыныбы;
- жоба жетекшісінің аты-жөні;

- қала, жылы.
- 2. Зерттеу жұмысының көлемі баспа мәтінінің 20 парағынан аспауы тиіс; Times New Roman, кегль – 14, жоларалық интервал – 1,5 см, азат жол шегінісі – 1,25 см, жиектері: жоғары, төмен, оң жақ – 2 см, сол жақ – 3 см, беттерді төменгі ортасынан нөмірлеу.
- 3. Жұмыс келесіні қамтиды:
 - мазмұны;
 - аннотация – көлемі 200 сөзден аспайтын, 2 тілде болуы керек (қазақ, орыс);
 - кіріспе (зерттеудің өзектілігі, мақсаты, жаңашылдығы, әдістері; зерттеу жаңалығы) (1-1,5 бет);
 - жұмыстың зерттеу бөлігі;
 - қорытынды (1 беттен артық емес);
 - пайдаланған әдебиеттер тізімі (1 бет);
 - қосымшалар (сурет, сызба, кесте т.б.);
- 4. Зерттеу жобасы туралы презентациясын рәсімдеуге қойылатын талаптар:
 - фон мен мәтіннің түсі қарама-қарсы болу керек (ақ фон – кара мәтін);
 - слайд 5-7 беттен аспауы керек;
 - зерттеу тақырыбының ашылуы (10 минут уақыт беріледі, 7 минут қорғайды 3 минут сұрақ-жауап).

3) «Ақын да бір бала ғой айға ұмтылған» – жас дарындар номинациясы

Қойылатын талаптар:

- қатысушы өз шығармаларының жинағын (*кітапша*) қазылар алқасына ұсынады;
- «Ақын да бір бала ғой айға ұмтылған» номинациясы бойынша оқушылардың ақындық қабілеттерін тексеру мақсатында конкурс барысында әр оқушы жюри ұсынған тақырыпқа өлең шығарады;
- өлеңнің мазмұны, көркемдік-бейнелілік тәсілдерін қолдану ерекшелігі, оқушының ақындық қабілеті ескеріледі.

4) «Бәрінен де сен сұлу» номинациясы. Мағжанның әндерін орындау шеберлігі бағаланады. Номинацияда орындалған өнер туындыларының қайталанбауы шарт. Ол үшін әр оқушы кем дегенде үш шығармаға дайындалып келуі керек.

Қойылатын талаптар:

Мазмұнды түсіну және жеткізу

- Шығарманың идеясы мен мағынасын терең түсіну

- Образды дұрыс ашу
- Эмоциялық әсерді дәл беру

Орындаушылық шеберлік

- Дауыс ырғағы, дикция, тыныс
- Интонацияның шығармамен үйлесуі
- Сезім мен мәнерлілікті жеткізу

Сахна мәдениеті

- Сахнадағы өзін-өзі ұстау
- Қимыл-қозғалыстың үйлесімділігі
- Көрсерменмен байланыс

Көркемдік бейне және эстетика

- Образға сай киім үлгісі
- Жалпы эстетикалық үйлесімділік
- Шығарманың стиліне сәйкестік

Шығармашылық ерекшелік

- Орындаудың өзіндік стилі
- Шығарманы жаңаша, ерекше жеткізе білу
- Авторлық интерпретацияның сәттілігі

4. Мағжан оқуларының өткізу барысын қадағалау және ұйымдастыру жұмысының дайындығын іске асыру үшін ұйымдастыру комитеті құрылады. Ұйымдастыру комитеті Мағжан оқуларының қорытынды кезеңінің өткізілу орнын белгілеп, дайындық жұмыстарын жүргізуде тікелей басшылық етеді, қазылар алқасының құрамын, қатысушылардың тізімін, байқауды өткізу бағдарламасын бекітіп, жеңімпаздар мен жүлдегерлерді марапаттайды.

5. Қазылар алқасының құрамына жоғары оқу орнындарының ғалымдары, білім беру ұйымдарының білікті мұғалімдері, белгілі жазушылар кіреді. Қазылар алқасы қатысушылардың білімі мен өнерін бағалайды, ұйымдастыру және өткізу барысындағы мәселелерді талқылайды, жеңімпаздар мен жүлдегерлердің 45% марапаттайды.

Мағжан оқуларын өткізу туралы ақпараттық хат және Ережесі WWW.daryn.kz сайтында орналастырылады.

6. Мағжан оқуларының қорытынды кезеңіне тіркелу және қатысуы жөнінде өтінім хатты облыстық, Астана, Алматы және Шымкент қалаларының білім басқармалары, «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ, Республикалық білім беру ұйымдары ұйымдастыру комитетіне конкурстың өткізілуіне 20 күн қалғанға дейін жіберу керек.

Ұйымдастыру комитетінің мекенжайы: Петропавл қаласы, Жамбыл көшесі 55А, «Қызылжар дарыны» дарынды балалар мен талантты жастарды анықтау және қолдау орталығы» КММ darynsko@mail.ru электронды поштасы. Байланыс телефондары: 87779218684, 87056270401

IV. Қорытындылау және марапаттау

1. «Дарын» РҒПО I,II,III дәрежелі дипломдарымен (астында дайындаған ұстаздың аты-жөні жазылған), номинация бойынша грамоталарымен марапатталады.

2. Барлық қатысушыларға қатысқанын растайтын қатысушы сертификаты беріледі.

V. Қаржыландыру

1. Мағжан оқулары бекітілген сметаға сәйкес қаржыландырылады.

2. Республикалық «Мағжан оқулары» ғылыми-шығармашылық байқауына қатысушылардың жолда жүруге байланысты шығындары жіберіп отырған мекеме есебінен. Жетекшілердің тамақтануы өз есебінен жүзеге асырылады.

3. Республикалық «Мағжан оқулары» ғылыми-шығармашылық байқауына қатысушылардың тамақтануы, орналасуы (жатын орны), марапаттау, сыйлықтар алуға байланысты шығындар «Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің білім басқармасы» КММ, «Қызылжар дарыны» дарынды балалар мен талантты жастарды анықтау және қолдау орталығы» КММ есебінен.